

ӘОЖ 37.07

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ОЙЫНЫ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЛОГИКАСЫН ДАМУДЫҢ ҮДЕРІСТЕРІ МЕН ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Зулхажы Ахтанберди

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 3 – курс
студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

axtanberdy1228@gmail.com

Ғылыми жетекші – К.Базарбаева

Логика ойлауды оның функциялары мен құрылымы, оны құрайтын элементтері, сондай-ақ олардың арасындағы байланыстар мен қатынастар тұрғысынан қарастыратын болғандықтан, ойлау үдерісі атқарылатын зияткерлік ойындарды да осы үдерістің мысалы ретінде қарауға әбден болады. Логика – дұрыс ойлау заңдары мен формалары туралы философиялық ғылым [3], [13] болса, зияткерлік ойын – сол дұрыс ойлауды тәрбиелейтін педагогикалық жүйенің бір бөлігі мен формасы болып табылады.

Ежелгі грек философы Аристотельден, логикалық операцияларды тамаша пайдаланған Сократтан басталатын логика ғылымының тарихы [3] дұрыс ойлау жүйесінің көрінісі болып табылатын зияткерлік ойындарды қарастырмаса да, зияткерлік ойындардың практика жүзіндегі әлеуеті ғылымда қалыптасқан логикалық функциялар мен амалдардың тарихын бірнеше ғасырға тереңдететіні түбінде сөзсіз.

Дұрыс ойлау анықтығымен, бірізділігімен, дәлелдігімен, дәйектігімен ерекшеленеді және сол арқылы жүзеге асса, ендеше тоғызқұмалақ ойыны - соның бірден бір көрінісі. Логиканың екі жары мың жылдан артық даму тарихы [13], бар екені мәлім болса, тоғызқұмалақ ойынының тарихы [10] төрт мыңжылдықты қамтиды. Демек, түркі халықтары, соның ішінде қазақ халқы дұрыс ойлау тәрбиесін тоғызқұмалақ ойынымен бірге бастады деуге толық негіз бар.

Тоғызқұмалақ ойыны ақыл – ойды шыңдауға арналған қазақтың ұлттық ойындарының бірі және бірегейі. Тоғызқұмалақ ойынының екінші бір атауы – малшылар

(қойшылар) математикасы. Тоғызқұмалақ ойыны тұнып тұрған есептеу жолдары. Қарапайым амалдарды қолдану арқылы жылдам есептеудің үш түрі тоғызқұмалақ ойынында қалыптасқан. Дегенмен, ғылыми орта мен тоғызқұмалақтану ілімінің ізденушілері бұл ойынның баланың ойлау жүйесі мен логикасын дамытудағы бірден бір рөлін ашатын пайымдары мен пікірлерін беріп үлгерді:

«Тоғызқұмалақтың орны бөлек. Бұл ойын адамды тапқырлыққа үйретеді. Миды шыңдайды» академик М.Жүргенов [8];

«Тоғызқұмалақ – шахмат, дойбы ойындары сияқты адамнан шыдамдылықты, салқын қандылықты, терең және логикалық ойлауды қажет ететін ақыл-ой спорты.» С.Тілеубаев, ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушы, спорт шебері [11];

«... бұл ойынның есебі ерекше, өзіне ұқсас ойындарға қарағанда анағұрлым күрделірек. Оның басты себебі – тоғызқұмалақ ойынын немесе оның кейбір жеке позицияларын тақтаға қарамай, абстракты түрде ойлау аса қиын» Т.Сұлтанбеков [7];

«Тоғызқұмалақ – әлемдік интеллектуалдық ойындардың озық үлгілерімен бой теңестіре алатын зияткерлік ойын, логикалық ойлау өнері» М.Шотаев, Қазақстан және Орта Азия фестивалінің 2 дүркін жеңімпазы, спорт шебері [12].

Тоғызқұмалақ ойыны ақыл – ойды шыңдауға арналған қазақтың ұлттық ойындарының бірі және бірегейі. Тоғызқұмалақ ойынының екінші бір атауы – малшылар (қойшылар) математикасы. Тоғызқұмалақ ойыны тұнып тұрған есептеу жолдары. Қарапайым амалдарды қолдану арқылы жылдам есептеудің үш түрі тоғызқұмалақ ойынында қалыптасқан. Әсіресе, елімізде орынаған карантин жағдайына байланысты playok.com және iggamecenter.com сайтында зияткерлік ойындар арасында тоғызқұмалақ ойынының танымалдылығы жоғарылаған екен. Бұл дегеніміз Тоғызқұмалақ ойынының пайдалы әрі қызықты ойын екенін көрсетеді.

«Тоғызқұмалақ зияткерлік ойыны - жастарды тәрбиелеудің тиімді құралы, ол логикалық ойлауды, жігер мен табандылық сияқты қасиеттерді дамытуға ықпал етеді. Біздің дәстүрлі ойынымыз қазіргі заманның талапына сай болып, жастардың бүгінгі қажеттіліктерін қанағаттандыратынына қуаныштымын. Қазірдің өзінде мобильді қосымшаны қолданып, турнирлер өткізілуде. Тоғызқұмалақтың мобильді нұсқасы ойынға деген қызығушылықты одан әрі арттыратынына сенімдімін», - Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының президенті Әлихан Бәйменов.

Тоғызқұмалақ ойынының заман талабына сай мобильдік нұсқасыда бар. Онда барлық ережелерін сақталған. Тіптен үйренушілер үшін тиімді құрал болып саналады. Ойын автоматты түрде сақталады және ойын соңынан кейін қайта талдауға, қателіктерді зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл дегеніміз ойыншының ойынды жете түсініп келесі ойындарда дұрыс ойлауға және қателеспеуге мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар ойын барысындағы өз ойытуралы тұжырым жасауға болады. Мобильдік қосымша арқылы кез келген уақытта, кез келген жерде ойнауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар уақытты тиімді пайдалануға болады.

Баланың ойлау жүйесінің қалыптасуында ойынның әсері ерекше. Балаға ойын арқылы жеткізу, басқаша айтқаннан тиімді болып саналады. Бірақ, балаға дұрыс ойын таңдап беру және орнату өте маңызды. Себебі бала сол ойын арқылы қалыптасады. Баланың болашағына пайдалы ойындар мен ойнату ең тиімді тәрбие құралы.

Балалардың дұрыс ойлау жүйесін қалыптастыруда тоғызқұмалақтың алар орыны ерекше. Сонымен қатар балалардың логикалық түрде жүйелі ойлауға, кез болған мәселеге байыппен қарауға және оң шешімін табуға үйретеді.

Тоғызқұмалақты үйрету барысында балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып үйреткен абзал. Себебі балалардың психологиясы мен ойлау жүйесі әр түрлі болып келеді. Мәселен, шахматты балаларға үйрету үшін алдымен дойбыны ойнайтып үйретеді. Сол сияқты тоғызқұмалақты ойнап үйрету үшін алдымен балаларға «Бестемше» ойынын ойнатып үйреткен абзал. Бестемше ойыны ережесі, құрылымы мен құрылысы жағынан тоғызқұмалаққа өте ұқсас болып келеді. Бестемше ойын тақтасында 2 қазан, $5+5=10$

қазаннан және 50 құмалақтан тұрады. Бұл жаңа бастаған балаларға, яғни 5-8 жас аралығындағы балалар үшін қатты қиын түспейді есептеуге үйренуге жеңіл, және жас ерекшеліктеріне сай қабылдауға, ойлауға, есептеуге жеңіл болады.

Сонымен қатар тоғызқұмалақты балалардың бір жерде ұзақ отырып ойнауы психологиялық тұрғыдан жалықтырып жіберуі мүмкін, сол үшін бестемше ойынынан бастап үйреткен абзал, себебі ойын тоғызқұмалақтан қарағанда тез аяқталады және тоғызқұмалақтың шағын түрі іспеттес балалар бестемшеден тоғызқұмалаққа ауысқанда аса үлкен қиындық тумайды, тек тақта көлемі мен құмалақтар саны ғана артады.

Тоғызқұмалақ зияткерлік ойынында адамның бар зейіні ойын тақтасында болғаны абзал. Егерде ойынға зейін сала ойласама, дұрыс ойлау қалыптаспайды және сәтсіздікке әкеледі. Бұл тұрғыда қазақ «ойы он жақта, санасы сан жаққа жүрген» деп суреттеген ғой. Сол үшін зейінді шоғырландыра білу аса маңызды, тоғызқұмалақ бұл тұрғыда балалардың дұрыс ойлап, зейінді шоғырландыра білуіне әсерін тигізеді. Зейіннің шоғырлануы- адамның санасының белгілі бір объектіге айрықша бағытталуы.

Тоғызқұмалақ отауларының өз атаулары бар. Сол отау аттарын түсініп дұрыс ойлай білген адамға тактикалық тұрғыдан өте үлкен көмек береді. Әр отаудың аты төнетін қауіппен пайдалы шабуылды меңзейді. Мысалы, жетінші отаудың аты «Қандықақпан». Бұлай атаулының өзіндік себебі бар. Бұл отау арқылы қарсыласқа шабуыл жасауға өте тиімді және қарсыластың сол отауынан тұздық алу жартылай жеңіс деуге болады.

Бұл отау аттары балалардың ойлау жүйесіне тек ойын арқылы ғана әсер ету емес, сонымен қатар сөз арқылы да әсер етуге мүмкіндік береді және бұл атауларды зерделеп түсіне білуі, есте мықтап сақтауы ойлану барысында, ойын барысында тактикалық айда – тәсілдерді құру кезінде жүйелі түрде ойлап шабуылдауға және шабуылдай отырып қорғануға мүмкіндік туғызады.

Тоғызқұмалақ ойынында болжам жасауға, жоспар құруға дағдыланады. Балалардың жеке ойлау, өз бетімен жылдам шешім қабылдауға үйретеді.

Қорыта келгенде әлемдегі 150 ден астам зияткерлік ойындардың көшін бастап тұрған ойының бірі – тоғызқұмалақ ойыны деседе болады. Бала логикасының дамуына, математикалық есептеу жүргізуге, жоспар құруға, жүйелі ойлауға, болжам жасауға, өз ойын тұжырымдауға, бағалауға, табалдырық пен төзімділікке, салқын қандылық пен сабырлыққа бірден-бір үйрететін ойын түрі болып саналады.

Ұсынылған әдебиеттер

1. Аманжолов С. Тоғызқұмалақ. – А., 1998. Қазақша және орысша.
2. Ақшораев Ә. Тоғызқұмалақ. – Алматы, «Қазақстан», 1987. – 207 бет.
3. Войшвилло Е.К., Дегтярев М.Г. – Логика, «Гуманитарный издательский центр ВЛАДОС», 2000. – 537 с.
4. Загряжский Г.С., // Быт кочевого населения долин Чу и Сыр-Дарьи. "Туркменские ведомости", 1874 г., №37.- "Игры народов СССР", 1933г., "Полиграфкнига", г. Ленинград, 567 стр.
5. Орозобаков Т., Чылымов А. Тогуз коргоол. – Бишкек, 1999.
6. Пантусов Н.Н., // «Киргизская игра «Тогуз-кумалак». 4-выпуск XXII тома «Известия Общества археологии, истории и этнографии при Императорском Казанском университете» (том 22, вып. 4, Казань, 1906 г., стр.250-254).
7. Сұлтанбеков Т. Шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ. – Алматы: Қазақстан, 1967.
8. «Спорт» газеті. 27.06.93.
9. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – А.: Қайнар, 2016.
10. Түркологиялық зерттеулер. Жауапты редактор Сағидолда Г. – Астана, «Сарыарқа» баспа үйі, 2012. – 567 б.
11. Тілеубаев С., Бизақов С. Тоғызқұмалақ әліппесі. – А., Қанағат, 2001.

12. Шотаев М., Жұмбаев Н., Ақназаров С. Таңғажайып тоғызқұмалақ. – Түркістан: ХҚТУ баспасы, 2004.
13. Ысқақова Р.О., Ғабитов Т.Х. Логика: Оқу құралы. – Алматы: «Раритет», 2008. – 237 б.